ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 9 қаңтар №4712-24-00-2/4866 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.О.Метеркулова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
ЖК «Нишанбаева», басшысы Аякоз Сапарбайқызы Нишанбаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-5, 223-226, 229 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою –қанағаттандырылсын.

ЖК «Нишанбаева», басшысы Аякоз Сапарбайқызы Нишанбаевна, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ЖК «Нишанбаева», басшысы Аякоз Сапарбайқызы Нишанбаевна мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және

шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Г.О.Метеркулова

Шешім түпкілікті нысанда 2025 жылғы 9 қаңтарда дайындалды.

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 09.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.02.2025, судья Метеркулова Г. О., 12.02.2025

4712-24-3-1/4478

ҰЙҒАРЫМ

2025 жылғы 14 ақпан № 4712-24-00-2/4866 Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.О.Метеркулова, "Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қате жазуды жөндеу туралы арызын қарап,

А Н ЫҚТАД Ы:

Осы соттың 2024 жылғы 9 қаңтардағы шешімімен талап қоюшы "Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер ИП «Нишанбаева», басшысы Нишанбаева Аякоз Сапарбайқизина қатысты берген талабы оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралып, толығымен қанағаттандырылды.

Алайда, сот шешімінде жауапкердің атауында қате жазуға жол берілген, дұрысында «Нишанбаева Аякоз Сапарбайқизи» деп көрсетілуі тиіс.

Қазақстан РеспубликасыныңАзаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 235-бабының 2-тармағына сәйкес, сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады.

Осыған орай, сот, жоғарыда аталған қате жазу түзетілуге жатады деп табады.

АПК-ның 235, 268-269 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ұ Й Ғ А Р Д Ы:

"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қате жазуды жөндеу туралы арызы қанағаттандырылсын.

Маңғыстау облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 9 қаңтардағы талап қоюшы қоюшы «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер ИП «Нишанбаева», басшысы Нишанбаева Аякоз Сапарбайқизин мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы бойынша қабылданған шешімде жауапкер «Нишанбаева Аякоз Сапарбайқизи» деп түзетілсін.

Ұйғарымға тараптар немесе прокурор, ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотына жеке шағым немес өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья Г.О.Метеркулова

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 14.02.2025

4712-24-3-1/4478